

Сот сараптамаларын жіктеу оларды тағайындау, жүргізу, сондай – ақ сарапшының қорытындысын бағалау кезінде елеулі рөл атқаратын фактор болып табылады.

Сот сараптамаларын жіктеу туралы мәліметтерді білу сараптама тағайындаған органға сот сараптамасы органын дұрыс анықтауға, сондай – сарапшының ғылыми құзыреттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Сот сараптамасы туралы ғылымда қабылданған жіктеуге сәйкес барлық сот сараптамалары тақырыбы бойынша кластарға, тектерге, түрге, түр тармақтарына бөлінеді.

Сараптамалар класы сот сараптамаларының теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастырудың көзі болатын білімдердің орталығымен біріктірілетін сарапшылық зерттеулерді құрайды.

Сараптамалар класы сот сараптамаларының теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастырудың көзі болатын білімдердің орталығымен біріктірілетін сарапшылық зерттеулерді құрайды.

Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сот сараптамаларына қатысты сараптамаларды тектері мен түрлері бойынша болуы бойынша көрсетіледі

1.класс. Криминалистік

- 1.1.Құжаттардың сот сараптамасы
 - 1.1.1.жазу мен қолтаңбалар
 - 1.1.2.құжаттардың техникалық сараптамасы
 - 1.1.3.автортану
- 1.2.Сот портреттік сараптама
- 1.3.Сот бейнефонографиялық сараптама
- 1.4.Сот фототехникалық сараптама
- 1.5.Сот трасологиялық сараптама
- 1.6.Сот баллистикалық сараптама
- 1.7.Заттар мен материалдардың сот сараптамасы
 - 1.7.1.Лақты бояу материалдарының, жабындар мен полимер материалдарының
 - 1.7.2.мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының;
 - 1.7.3.металдар мен корытпалардың
 - 1.7.3.топырақтың
 - 1.7.5.талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдардың

2.класс. Сот медициналық және психофизиологиялық

- 2.1.Адамның психикасы мен психофизиологиялық процестері күйінің сот сараптамасы
- 2.1.1.Сот психиатриялық сараптама
- 2.1.2.Сот психологиялық
- 2.1.3.Сот психологиялық-психиатриялық
- 2.1.4.Сот психологиялық-криминалистік
- 2.1.5.Сот инженерлік-психофизиологиялық
- 2.1.6.Сот психологиялық-филологиялық

3.класс. Сот инженерлік-техникалық

- 3.1.Сот өрт-техникалық,
 - 3.1.1.өрт жағдаяттарының
 - 3.1.2.электротехникалық
- 3.2.Сот жарылыс техникалық
- 3.3.Сот құрылыс
 - 3.3.1.құрылыс-экономикалық
 - 3.3.2.құрылыс-техникалық сот сараптамалары

4.класс. Сот инженерлік-көліктік

4.1.Жол-көлік оқиғалары мен көлік құралдарының сот сараптамасы

4.1.1.ЖКО жағдаяттары

4.1.2.көлік-трасологиялық

4.1.3.көлік құралдарының сот сараптамасы

5.класс. Сот инженерлік-технологиялық

5.1.технологиялық

5.2.компьютерлік технология құралдарының сот сараптамасы

6.класс. Сот экономикалық және тауартану

6.1.Сот экономикалық

6.1.1.шаруашылық операцияларының

6.1.2.бухгалтерлік

6.1.3.қаржы-кредиттік

6.1.4.экономикалық-құқықтық

6.1.5.қаржы-бюджеттік

6.2.Сот тауартану

6.2.1.азық-түлікке жатпайтын тауарларды тауартану

6.2.2.азық-түлік тауарларын тауартану

6.2.3.автотауартану

6.2.4.құрылыс-тауартану

7.класс. Сот биологиялық

7.1.Сот биологиялық

7.2.Сот молекулярлық-генетикалық сараптама.

Сараптамалардың жаңа түрлерінің пайда болуы кезіндегі дифференциация туындауының мысалы сот компьютерлік-техникалық сараптаманың (Қазақстан Республикасында қабылданған жіктеушілікке сәйкес оған компьютерлік технология құралдарының сот сараптамасы жатады) дамуы болып табылады. Қазіргі уақытта осы аталған сараптама шеңберінде мынадай түрлерге бөлу ұсынылады:

1) Аппараттық-компьютерлік сараптама, онын тақырыбы компьютерлік жүйенің техникалық құралдарын зерттеу кезінде анықталатын нақты деректер болып табылады.

2) Бағдарламалық-компьютерлік сараптама, онын тақырыбы зерттеуге ұсынылған компьютерлік жүйенің программалық жасауын құру мен пайдаланудың заңдылықтары болып табылады.

3) СКТЭ-нің негізгі түрі ретіндегі ақпараттық-компьютерлік сараптама, оның тақырыбына «компьютерлік жүйедегі ақпараттық процестерді ұйымдастыру үшін пайдаланушы дайындаған немесе бағдарламамен туындаған ақпаратты іздеу, табу, талдау және бағалау» барысында нақты деректерді анықтау кіреді.

4) Компьютерлік-желілік сараптама, оның тақырыбы іс бойынша шындықты анықтау үшін тергеушінің (соттың) тапсырмасы бойынша желілік және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға байланысты фактілер мен жағдаяттарды зерттеуді қамтиды.

Сот сараптамасының жаңа түрлері:

технологиялық

жырылыс-техникалық

фоноскопиялық

құрылыс-техникалық

қаржы-бюджет-тік

компьютерлік технология
құралдары сараптамасы

психологиялық-
криминалистикалық сараптама

әдістемелік және ұйымдастыру